

**Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің "Есіл ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" 2020 жылғы 27 қарашадағы № а-11/342 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 8 қарашадағы № а-11/240 қаулысы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 қарашада № 25146 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының сәйкес, Есіл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің "Есіл ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" 2020 жылғы 27 қарашадағы № а-11/342 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8189 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы Есіл ауданы әкімінің орынбасары Н. М. Саматовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Е.Баяхметов*